

Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 5 жылдығына арналған халықаралық конференцияны өткізуге байланысты ұйымдастыру іс-шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 шілде N 1105

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылдың 28-29 тамызында Астана қаласында Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 5 жылдығына арналған халықаралық конференция (бұдан әрі - конференция) өткізілсін.

2. Қоса беріліп отырған Конференцияны өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары б е к і т і л с і н .

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне конференцияны өткізуге "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша ұсынылған сметаға сәйкес 11528220 (он бір миллион бес жүз жиырма сегіз мың екі жүз жиырма) теңге мөлшерінде қаржы бөлсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Парламенті (келісім бойынша), министрліктер, Астана қаласының әкімі іс-шаралардың бекітілген Жоспарға сәйкес толық көлемде өткізілуін қамтамасыз етсін, конференцияға шақырылған ресми адамдарды орналастыруды және оларға қызмет көрсетуді, оның ішінде көліктік те, ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, конференцияға шақырылған ресми адамдардың арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшуын қамтамасыз етсін;

арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, тұрақ пен оларға жанармай құюды , сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп - конференцияға шақырылған ресми адамдардың темір жол және әуе көлігімен келуі мен аттануын ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

конференцияға шақырылған ресми адамдардың қауіпсіздігін;

әуежайда, теміржол вокзалдарында, сондай-ақ конференцияға шақырылған ресми адамдардың жүру бағыттары мен болатын жерлерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарында конференцияның шеңберінде

өткізілетін іс-шараларды кеңінен көрсету жөніндегі қажетті жұмысты ұйымдастырсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 25 шілдедегі N 1105
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының
5 жылдығына арналған халықаралық конференцияны өткізу жөніндегі
іс-шаралардың жоспары

№ р/б!	Іс-шаралар	Өткізілу мерзімдері мен уақыты	Жауапты орындаушылар
-----------	------------	--------------------------------------	-------------------------

1	2	3	4
---	---	---	---

1. Конференцияға қатысушылардың келуі 26-27 тамыз Конституциялық Кеңес,
Парламент (келісім
бойынша)
2. Конференцияға қатысушыларды 26-27 тамыз Конституциялық Кеңес,
орналастыру Парламент, Президент.
тің Іс Басқармасы
(келісім бойынша)
3. Конференцияға қатысушыларды тіркеу 28 тамыз Конституциялық Кеңес,
(Парламенттің дөңгелек залы) сағ.9-10 Парламент (келісім
бойынша)
4. Пленарлық отырыс: 28 тамыз төрағалық етуші -
а) конференцияның ашылуы сағ.10-да О.Ә. Әбдікәрімов,
Парламент Сенаты
Төрағасы (келісім)

бойынша)

б) "Қазақстан Республикасының Конституциясы және заң шығару процесі: проблемалар мен перспективалар" тақырыбына баяндама 20 минут О.Ә. Әбдікәрімов, Парламент Сенаты Төрағасы (келісім бойынша)

в) "Қазақстан Республикасының Конституциясы - конституционализмнің қалыптасуы мен орнығуының іргетасы" тақырыбындағы баяндама 20 минут Ю.А. Ким, Конституциялық Кеңестің Төрағасы (келісім бойынша)

г) мына тақырыптар бойынша сөз сөйлеу: "Конституцияның идеялары және конституциялық заңдардың дамуы" 10 минут Ғ.С. Сапарғалиев, ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, Респ. публиканың еңбек сіңірген заңгері, заң ғылымының докторы, профессор

"Азаматтық заңдардағы конституциялық идеялар" 10 минут Ю.Г. Басин, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, заң ғылымының докторы, профессор

"Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының қылмыстық-құқықтық саясатының проблемалары" 10 минут И.И. Рогов, Республика Президентінің кеңесшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымының докторы, профессор (келісім бойынша)

"Қазақстан Республикасының Конституциясы: әлеуметтік саладағы заңдардың дамуы" 10 минут А.М. Нұрмағамбетов, Парламент Сенаты Төрағасы Хатшылығы.

проблемалары"

ның меңгерушісі,
заң ғылымының
докторы, профессор
(келісім бойынша)

5. Мәдени шаралар: Астана қаласының 28 тамыз Мәдениет, ақпарат театрларында, есте қалар және қоғамдық келі. жайларында болу сім министрлігі, Астана қаласының әкімі
6. Парламент Сенаты және 28 тамыз Парламент және Конституциялық Кеңес Төрағаларының Конституциялық Кеңес атынан конференцияға шақырылған (келісім бойынша) ресми адамдардың құрметіне қабылдау өткізу
7. Секциялардың жұмысы: 29 тамыз Е.К. Нұрпейісов, заң а) 1-секция "Конституциялық баяндамалар ғыл. кандидаты, про. заңдарды жетілдірудің проблемалары" 10 минутке фессор (келісім дейін бойынша)
- б) 2-секция "Азаматтық заңдарды сөз сөйлеу Т.Е. Қаудыров, заң жетілдірудің проблемалары" 5 минутке ғыл. кандидаты, про. дейін фессор (келісім бойынша)
- в) 3-секция "Қылмыстық заңдарды К.Ш. Балтабаев, заң жетілдірудің проблемалары" ғылымының докторы (келісім бойынша)
- г) 4-секция "Әлеуметтік саладағы Е.Н. Нұрғалиева, заң заңдарды жетілдірудің ғыл. докторы, про. проблемалары" фессор (келісім бойынша)
8. Шет елдер конституциялық юстиция 29 тамыз Конституциялық Кеңес органдары өкілдерінің Қазақстан (келісім бойынша) Республикасының Конституциялық

Кеңесінде болуы

9. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төрағасының атынан шет елдердің конституциялық юстиция органдары өкілдерінің құрметіне қабылдау өткізу 29 тамыз Конституциялық Кеңес (келісім бойынша)
10. Конференцияға шақырылған ресми адамдардың аттануы 29-30 тамыз -//-//-/-

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.